

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2024 жылғы 14 ақпандағы
№ДС-61 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалыңызды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

Субвенциялар мен трансферттердің көлемдерін анықтау мәселелеріне қатысты

ҚР Бюджет кодексінің 45-бабының 6-тармағына сәйкес жалпы сипаттағы трансферттерді (бұдан әрі – ЖСТ) айқындау кезінде (субвенциялар мен алып қоюлар) өңірдің салықтық әлеуеті, өңірдегі көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді тұтынушылар саны және сол немесе өзге де өңірдің өзіндік ерекшелігіне байланысты көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді ұсыну жөніндегі шығыстарға әсер ететін факторлар ескеріледі.

ЖСТ көлемі тиісті жергілікті бюджеттің кірістері (трансферттерді шегергенде) мен шығындарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Төртінші деңгейдегі бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы дербес есептейді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен төртінші деңгейдегі бюджеттердің арасындағы ЖСТ көлемдері сырғымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге белгіленеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта жаңа Бюджет кодексі шеңберінде барлық деңгейдегі бюджеттер арасында ЖСТ есеп-қисабының үлгілік әдістемесін бекіту қарастырылуда.

Бюджетаралық қатынастардың басымдығы өңірлер арасындағы алшақтықты қысқарту және базалық көрсетілетін қызметтер (игіліктер) бойынша аз қамтамасыз етілген өңірлерді қолдау болып табылады.

Алдағы уақытта өңірлердің өмір сүру деңгейі ретінде теңгерімсіздіктерді төмендету жөніндегі осы міндетті бюджетті жоспарлау кезінде пайдалану үшін ең төменгі стандарттарды енгізу арқылы шешу жоспарланып отыр.

Ол үшін жаңа Бюджет кодексі шеңберінде ең төменгі стандарттар ұғымы енгізіледі, әлеуметтік, инженерлік-коммуникациялық, көліктік және өзге де инфрақұрылымның ең төменгі стандарттарын (желілерін) ескере отырып, бюджет шығыстарын жоспарлау үшін заңнамалық негіз қаланды.

Тиісті ережелер Құрылыс кодексінің жобасына да енгізілді (*ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында*).

Бұл ретте, республикалық деңгейде тек аса маңызды және жалпыұлттық маңызы бар жобаларды қаржыландыру жоспарланып отыр, ал барлық базалық инфрақұрылым жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады (*барлық нысаналы трансферттер жергілікті атқарушы органдардың дербестігін арттыра отырып, жергілікті бюджет шығыстарына берілетін болады*).

Осыған байланысты, келесі үш жылдық кезеңге ЖСТ қалыптастыру кезінде бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындар салалық министрліктер бекіткен әлеуметтік, инженерлік-коммуникациялық, көліктік және өзге де инфрақұрылымның ең төменгі базалық нормативтерін (желілерін) ескере отырып айқындалатын болады.

Осыны ескере отырып, жергілікті деңгейде базалық инфрақұрылымды қаржыландыру мәселесі және олар бойынша қамтамасыз етудегі алшақтық шешілетін болады.

IV деңгейдегі бюджеттерге жаңадан берілетін салық түрлеріне қатысты

Жергілікті бюджеттердің қаржылық дербестігін күшейту және орталықсыздандыру мақсатында тұрақты негізде төмен тұрған бюджеттерге қосымша түсімдерді беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі таңда, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде ауылдық округтердің дербестігі үшін салықтар мен төлемдердің 25 түрі, оның ішінде 8 салық (*төлем көзінен ұсталмайтын ЖТС, жеке және заңды тұлғалардан мүлікке, жерге, көлікке салынатын салық, сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы, БЖС, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы*) және 17 салықтық емес төлем берілді.

Оның ішінде, 2022 жылы бюджеттің IV деңгейіне 4 төлем бойынша түсімдер (*БЖС, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем, жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер және жер учаскелерін сатқаны үшін төлем*) берілді, олар бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша түсімдердің өсуі 15,9 млрд теңгені құрады.

Жалпы, 2018 жылдан 2023 жылға дейін бюджеттің IV деңгейіне (*3 санат бойынша*) 241 млрд теңге, оның ішінде 2018 жылы – 32,2 млрд теңге, 2019 жылы – 33,4 млрд теңге, 2020 жылы – 33,7 млрд теңге, 2021 жылы – 31,9 млрд теңге, 2022 жылы – 42,1 млрд теңге және 2023 жылы – 67,7 млрд

теңге түсті. Осылайша, аталған мерзімдегі түсімдер тиісінше 32,2 млрд теңгеден 67,7 млрд теңгеге дейін, яғни шамамен 2 есеге артқан.

2023 жылдың қорытындысын 2022 жылмен салыстырғанда салықтар бойынша өсу қарқыны 63% құрады немесе 24,1 млрд теңгеге артық түсті.

Сонымен қатар, жана Бюджет кодексі жобасында республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты суларына және емдік балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты беру көзделген.

Бұл салық ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің және ауылдық округтің бюджеттеріне есептелетін болады (*болжам бойынша 15 млрд теңге*).

Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның инфрақұрылымын дамытуға арналған аударымдар аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттың шешімімен белгіленген кірістерді бөлу нормативтері бойынша облыстық бюджеттен аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджетіне берілетін болады.

Бұдан басқа, қосымша бюджеттің IV деңгейіне салықтың мынадай түрлерін беру ұсынылады: су ресурстарын пайдалану үшін төлем, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым, жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдалану төлемі, заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салықтың тиісті мәслихат айқындайтын бір бөлігі.

ҚР Қаржы министрлігінің болжамы бойынша осы көрсетілген төлем түрлерінен ауылдық округтерге жыл сайын қосымша шамамен 100 млрд теңге түсетін болады.

Болашақта экономикалық жағдайға сүйене отырып, ауыл бюджетін толықтырудың қосымша көздерін қарастыру жөніндегі ұсыныстар мемлекеттік органдармен және тиісті жұмыс тобы мүшелері, сондай-ақ ҚР Парламентіндегі «Ауыл» партиясы фракциясы депутаттарымен бірлесіп, әзірленетін болады.

2026 жылы ауыл бюджетіне түсетін салық көздеріне, оны төлейтін субъектілерге статистикалық зерттеу жүргізіуге қатысты

Бүгінгі таңда, қолданыстағы заңнамамен IV деңгейдегі бюджетке түсетін түсімдерге талдау жүргізу әдістемесін бекіту мәселесі көзделмеген.

Алайда, тиісті орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ ҚР Парламенті депутаттарымен бірлесіп, 2026 жылы мұндай талдауды жүзеге асыруға дайын екенімізді білдіреміз.

Н. Байбазаров



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

*На запрос от 14 февраля 2024 года
№ДС-61*

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос, сообщаю следующее.

Касательно вопросов определения объемов субвенции и трансфертов

Согласно пункту 6 статьи 45 Бюджетного кодекса при определении трансфертов (субвенции и изъятий) общего характера (*далее – ТОХ*) учитываются налоговый потенциал региона, численность потребителей государственных услуг в регионе и факторы, влияющие на расходы по предоставлению государственных услуг в зависимости от специфики того или иного региона.

Объемы ТОХ определяются как разница между прогнозными объемами доходов (за минусом трансфертов) и затрат соответствующего местного бюджета.

Прогнозные объемы доходов и затрат бюджетов четвертого уровня рассчитываются самостоятельно местным уполномоченным органом по государственному планированию района (города областного значения) в порядке, определяемом местным исполнительным органом района (города областного значения).

Объемы ТОХ между районным (города областного значения) бюджетом и бюджетами четвертого уровня устанавливаются ежегодно на скользящей основе на плановый период.

Вместе с тем, в настоящее время в рамках нового Бюджетного кодекса предусматривается утверждение типовой методики расчета ТОХ для всех уровней бюджета.

Приоритетом межбюджетных отношений является сокращение разрыва между регионами и поддержка менее обеспеченных по базовым услугам (благам) регионов.

В дальнейшем, данную задачу по снижению дисбалансов в качестве уровня жизни регионов планируется решать через внедрение минимальных стандартов для использования при планировании бюджета.

Для этого, в рамках нового Бюджетного кодекса внедряется понятие минимальных стандартов, заложена законодательная основа для планирования расходов бюджета с учетом минимальных стандартов (сетей) социальной, инженерно-коммуникационной, транспортной и иной инфраструктуры.

Соответствующие положения также включены в проект Строительного кодекса *(находится на рассмотрении в Мажилисе Парламента)*.

При этом, в дальнейшем на республиканском уровне планируется финансирование только критически важных и проектов общестранового значения, а вся базовая инфраструктура будет финансироваться за счет средств местного бюджета *(все целевые трансферты будут переданы в расходы местного бюджета с повышением самостоятельности МИО)*.

В связи с чем, при формировании ТОХ на следующий трехлетний период затраты по бюджетным программам развития будут определяться с учетом утвержденных отраслевыми министерствами минимальных базовых нормативов (сетей) социальной, инженерно-коммуникационной, транспортной и иной инфраструктуры.

С учетом этого, будет решаться вопрос финансирования базовой инфраструктуры на местном уровне и разрыв в их обеспеченности.

Касательно вновь передаваемым видам налогов в бюджеты IV уровня

В целях усиления финансовой самостоятельности и децентрализации местных бюджетов на постоянной основе ведется работа по предоставлению дополнительных поступлений в нижестоящие бюджеты.

На сегодня, в рамках Концепции развития местного самоуправления для самостоятельности сельских округов передано 25 видов налогов и платежей, в том числе 8 налогов *(ИПН не облагаемый у источника выплаты, налог на имущество, землю, транспорт с физических и юридических лиц, плата за размещение наружной рекламы, ЕЗН, плата за пользование земельными участками)* и 17 неналоговых платежей.

Из них, в 2022 году на IV уровень бюджета осуществлена передача поступлений по 4 платежам *(ЕЗН, плата за пользование земельными участками, поступления от продажи земельных участков и плата за продажу земельных участков)* по которым по итогам 2023 года рост поступлений составил 15,9 млрд тенге.

В целом, с 2018 года по 2023 год на IV уровень бюджета поступило *(по 3 категориям)* 241 млрд тенге, в т.ч. за 2018 год – 32,2 млрд тенге, за 2019 год – 33,4 млрд тенге, за 2020 год – 33,7 млрд тенге, за 2021 год – 31,9 млрд тенге, за 2022 год – 42,1 млрд тенге и за 2023 год – 67,7 млрд тенге. То есть, в указанный период поступления увеличились на 110,3% с 32,2 млрд тенге до 67,7 млрд. тенге или порядка в 2 раза.

По итогам 2023 года, по сравнению с 2022 годом темп роста по налогам составил 63% или поступило больше на 24,1 млрд тенге.

При этом, в рамках проекта нового Бюджетного Кодекса предусмотрена передача из республиканского бюджета на IV уровень бюджета налога на добычу полезных ископаемых на общераспространенные полезные ископаемые, подземные воды и лечебные грязи.

Указанные налоги будут перечисляться в бюджеты районов (городов областного значения), города районного значения, села, поселка, сельского округа *(согласно прогнозам порядка 15 млрд тенге)*.

Также в бюджеты городов районного значения, сел, поселков, сельских округов будут переданы отчисления недропользователей на социально-экономическое развитие региона и развитие его инфраструктуры по нормативам распределения доходов, установленным маслихатом района (города областного значения).

Кроме того, на IV уровень бюджета предлагается передать следующие виды налогов: плата за пользование водными ресурсами, лицензионный сбор за право занятия отдельными видами деятельности, плата за пользование лицензиями на занятие отдельными видами деятельности, часть налога на имущество юридических лиц, индивидуальных предпринимателей по нормативам распределения доходов, определяемая соответствующим маслихатом.

Согласно прогнозам Министерства финансов РК, поступления в бюджеты сельских округов по указанным видам платежей ежегодно составят порядка 100 млрд тенге.

В дальнейшем, исходя из экономической ситуации совместно с государственными органами и членами соответствующей рабочей группы, а также депутатами фракции партии «Ауыл» в Парламенте РК будут разработаны и рассмотрены дополнительные источники пополнения сельского бюджета.

Касательно проведения в 2026 году статистического анализа источников налоговых поступлений в бюджет сельского округа и их плательщиков

На сегодняшний день, действующим законодательством не предусматривается утверждение методики анализа поступлений IV уровня бюджета.

Однако, выражаем готовность проведения такого анализа совместно с соответствующими центральными и местными государственными органами, а также депутатами Парламента в 2026 году.

Н. Байбазаров